

**№27«Ақбота» бөбекжай-бақшасы
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны**

**Педагог-психологтың
2020-2021 оқу жылындағы аналитикалық
жылдық жұмыс есебі**

Педагог-психолог:Ермекова Ж.Н

Атырау 2021 жыл

Педагог-психолог жұмысының негізгі бағыттары психологиялық ағартушылық, психологиялық алдын алу, психологиялық және психопедагогикалық диагностика, дамыту және психотүзету жұмыстары, психологиялық ақыл-кеңес беру болып табылады.

1. Ата-ана, тәрбиеленушілер, педагогикалық ұжыммен жоспарланған жылдық жұмыстың жүргізіліуі:

№	тәрбиеленушілермен	Ата-аналармен	Педагогикалық ұжыммен
1	1.Жаңадан келген балаларға бейімделу парағын толтыру.	«Бейімделу кезінде балаға көмектесу жолдары» ата-аналарға кеңес беру	«Бейімделу кезінде баламен тіл табысу үшін тәрбиешілерге арналған ұсыныстар» жадынамалар тарату.
2	Бейімделу диагностикасын жүргізуді қорытындылау	Қабырға кеңесі:«Дені сау бала-отбасы қуанышы», «Здоровый ребенок-радость семьи».	«Эмоцияны басқарып үйренейік!»
3	Топтардағы аса белсенді балалармен жұмыс.	Баланың психологиялық-педагогикалық даму картасын тарату	Психологиялық – тренинг: «Іздегенде табылатын қасымнан»
4	Топ ішінде балалардың тәрбиешімен қарым-қатынасын бақылау	Психологиялық тренинг-онлайн:«Отбасы-бақыт мекені»	Диагностика: Мамандармен темпераментті анықтау
5	Ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған ойын жаттығулар өткізу	Сауалнама:Отбасының әлеуметтік паспорты.	Мамандармен жұмыстың жалғасы: «Эмоцияны басқарып үйренейік!»
6	Сенсорлық бөлмеде – «Құрғақ бассейнмен ойындар» кіші топтар	Қабырға кеңесі:«Ұялшақтық және үрейлену»	Психологиялық тест: «Стресті жеңе білейік!»
7	Кір қыстырғышпен ойындар	Ата-анаға психологиялық тест: «Сіз қандай ата-анасыз?»	Кеңес беру: «Стресті қалай жеңуге болады?»

8	Топ ішіндегі балалардың өзара қарым-қатынасын бақылау	Агрессия,оны болдырмау жолдары.	Луйза Хейдің пайдалы кеңестері: «Бақытты өмір сүру жолдары»
9	Жылауық балалармен жұмыс	Қабырға кеңесі «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі»	Кеңес:«Еңбекке тәуелділіктен құтылу жолдары»
10	Танымдық процестерін дамыту	Кеңес сұраған ата-анамен жұмыстар	Қызметкерлермен психологиялық тренинг:«Жақсы көңіл-күй-жан шуағы»
11	Диагностика:Дарынды балаларды анықтау. 4 топта	Мектепке дайындыққа психологиялық диагностика	Ашық іс-шараларға қатысу.

Түзете-дамыту жұмысы. Жалпы барлық педагог мамандар үшін қиындық туғызатын мәселе топ тәрбиеленушілерінің педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін болып табылады. Балалардың өз жасына сай дамымауы: сөйлемей, түсібеуі және танымдық процестерінің жетіспеуі-қиындықтар туғызады. Қалалық №1 ҚПМПК мамандары арқылы тіл кемістігі анықталып қорытынды берілген: Матис Ираклий, Жанбырова Жанна, Демесинов Әділжан, Жеңіс Саят, Дусупов Аманкелді, психикалық тежелуі бар Берік Олжас, Аманкелді №20 арнаулы балалақшаға орналасса, Олжасты ата-анаса жеке балабақшаға алып кетті. Қалған балаларда тәрбиешілердің күнделікті жұмысы нәтижесінде ілгерілеушіліктер байқалады. Гномики тобында Жанның анасына кеңес берілді. Қазіргі есту қабілеті төмен, сөйлемейтін Еременко Артем жеке жұмысқа алынып, анасына кеңес берілді. Қазір бала есту аппаратын киіп жүр. Балдырған тобына жақын арада келген сөйлеу қабілеті шамалы Сезім атты бүлдіршін тәрбиеші нұсқауымен анасына №1 ҚПМПК-ға баруға ұсыныс берілді. Мұндай балалардың ата-анасына арнайы мамандар ғана диагноз қояды. Ал бізге артық пікірлер айтуға болмайды.

Бөбекжай-бақшаның жылдық жоспары негізінде:

- Ата-аналар үшін:
- Қабырға кеңестері:
- 1. «Балабақшадағы алғашқы күн»
- 2. «Первый день в детском саду»

- Педагог-мамандармен №3 педагогикалық кеңес тапсырмасы «Тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру үшін ата – аналармен жұмысты ұйымдастыру жолдары» тақырыбында кеңес берілді.
- «Алғыс айту-парызым» тақырыбында психологиялық тренинг өтті.

Шығармашылық топ бойынша Раисова Р.М,Изтаева Б.Т мен біріккен тексеру жұмыстары:

«Мектепке дейінгі жастағы балаларда тіл дамыту жұмыстарының тиімділігі және ұйымдастырылуы»-ортаңғы топтарда

«Дидактикалық ойындарды оқу тәрбиесінде қолдану» тақырыбында ересек топтарда жүргізілді.

ӘДЕП ЖОСПАРЫ БОЙЫНША:

Бөбекжай –бақшада педагогикалық кеңес өткізіліп,педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес құрылды.

Жалпы қызметкерлер,педагогикалық ұжым зерттеліп,әлеуметтік жағдайларына мониторинг жүргізілді.

Ата-аналар үшін психологиялық тренинг « Ата-аналардың педагогикалық мәдениеттілігі» психологиялық тренинг онлайн түрінде өтті.Фейсбук желісінде балабақша атынан жарияланды.

Консультациялық пункт жоспары құрылып,осы мөлтекаудандағы балабақшаман қамтылмаған 2-5 жас аралығында 10 баламен онлайн жұмыстар жүрді. Ол үшін ватсап желісі арқылы группа ашылып ата-аналарға сұраныстар,кеңес берулер мен психологиялық тренингтер жіберілді.Директор,әдіскер,медбике және педагог-психолог,сұранысқа орай тәрбиешілер осы группаға енді.

Бөбекжай –бақша педагогтарының біліктілігі жыл сайын артып келеді,жыл сайын өтерін білім беру қызметкерлерінің педагогикалық оқуларына қатысатын мамандарға педагогикалық қолдау жасап келемін, Осы жылғы қалалық педагогикалық оқуға директор Кошкинова Гулаем Мухтаровна «Балалақшадағы экологиялық - инновациялық жоба» тақырыбымен 1 орын алса,қазақ тілі мұғалімі Раисова Роза Михайловна «Балабақшада қазақ тілін үйрету жүйесін жаңарту технологиялары» тақырыбымен қатысып Алғыс хатпен марапатталды.

Гулаем Мухтаровна Облыстық педагогикалық оқытуда да 1 орын иеленіп,ұжымымыз ғана емес,қала балабақшаларының мерейін үстем қылды.

Қорыта келе, ұжымымыздағы психологиялық ахуалы жоғары деңгейде, кикілжіңді жағдай болмайды,тәрбиеші -мамандар ата-анамен жақсы қарым-қатынаста.Басшы қызметкерлермен психологиялық түсіністікпен жұмыс жасайды.Әдіскер педагогикалық жұмысты жаңашыл үлгіде жоспарлап,қызықты өткізеді.Мектепке дейінгі мекемедегі психологиялық климаттың қалыптасуы жайлы,ата-аналарға тәрбиелеу жұмысы ұнайды.

Жылдан жылға жаңашыл бағытта жұмыстар көбейе беретініне сенемін,татулық мен сыйластық орын алған ұжыммен жаңа белестерді бағындыруға қуана атсалысамын.